

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару  
академиясы**

*Академияның Ғылыми  
кеңесінің 2022 жылғы  
«2» қарашадағы № 5  
хаттама шешімімен  
бекітілген*

**«Мемлекеттік басқару» магистратура білім беру бағдарламасы**  
(Executive MPA-кешкі уақытта және демалыс күндері оқыту форматы)

**Мақсаты:**

Басқарушылық құзыреті бар, тиімді мемлекеттік шешімдерді әзірлеуге және іске асыруға қабілетті болатын мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет саласында магистрлерді даярлау.

**Міндеттері:**

- 1) өзгерістерге жедел ден қою және тиімді шешімдер қабылдау үшін басқару құзыреттерін қалыптастыру;
- 2) мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру жөніндегі құзыреттерді дамыту.

**Бағдарламаның артықшылықтары:**

- білім беру процесінде инновациялық, аналитикалық және басқару қабілеттерін дамыту;
- шетелдік серіктес Institut national du service public (Франция) университетінде және халықаралық ұйымдарда тағылымдамадан өту мүмкіндігі (өз қаражаты есебінен);
- шетелдік серіктес Maxwell School of Citizenship and Public Affairs at Syracuse University базасында 2 дипломдық білім алу мүмкіндігі (өз қаражаты есебінен);
- жекелеген пәндерді оқыту үшін шетелдік және қазақстандық жетекші сарапшыларды, мемлекеттік басқару саласындағы практик мамандарды тарту;
- әлеуметтік ортаны (нетворкингті) дамыту, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың басшыларымен өзара іс-қимыл жасау, өзара оқыту (peer learning);
- мемлекеттік, орыс тілдерінде оқу.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- 1) стратегиялық ойлау және пайымдау: жаһандық тұрғыдан ойлай білу, стратегияны әзірлеу;
- 2) көшбасшылық және қызметті басқару: көшбасшы бола білу, жұмысты тиімді жоспарлау және ұйымдастыру, стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарды түсіндіру, өкілеттіктерді дұрыс анықтау, сондай-ақ жауапкершілікті бөлу. Сонымен қатар, ұжымды қойылған міндеттерді сапалы және уақтылы орындауға бағдарлау және жағдай жасау;
- 3) тиімді шешімдер қабылдау: нақты міндеттер қоя білу және стратегиялық мақсаттарға сәйкес тапсырмалар бере білу, сондай-ақ дәйекті және тиімді шешімдер қабылдай білу;
- 4) ынтымақтастық және қызметтерді тұтынушыға бағдарлану: қызметкерлерді мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді өзара іс-қимыл жасауға бағдарлай білу, қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдалана білу. Сонымен қатар, қызмет көрсетудің тиімді құралдарын білу және пайдалану;
- 5) жеделдік: өзгерістерге дер кезінде мән беру, осы өзгерістерді талдау және жұмыста жаңа тәсілдерді пайдалану жөнінде тиісті ұсыныстар енгізу үшін тиімді шараларды әзірлеу бойынша құзыреттерге ие болу;
- 6) парасаттылық: этикалық нормаларды сақтау, ұжымда этикалық нормалар мен стандарттарға бейілділік сезімін дамыту, этикалық нормалар мен құндылықтарды практикаға енгізу;

7) жауапкершілік және бастамашылдық: құрылымдық бөлімшенің қызметін ұйымдастыру үшін жеке жауапкершілікті қабылдай білу. Сонымен қатар, қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша ұсыныстарды қарастыра және әзірлей білу.

**Бағдарламаның құрылымы және академиялық мазмұны:**

| семестр                                                               | Пәннің атауы                                                                                             | ECTS      |
|-----------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| 1                                                                     | Стратегиялық менеджмент және көшбасшылық                                                                 | 4         |
|                                                                       | Деректерді талдау негізінде шешім қабылдау                                                               | 3         |
|                                                                       | Басқарушыларға арналған тілдік құзыреттер (мемлекеттік тілде)                                            | 3         |
|                                                                       | Таңдау бойынша курстар (Академияның элективті пәндер каталогы, серіктес жоғары оқу орындарының курстары) | 8         |
|                                                                       |                                                                                                          | <b>18</b> |
|                                                                       | <i>МЭЗЖ</i>                                                                                              | 5         |
| 2                                                                     | Әлеуметтік мемлекеттің қолданбалы экономикасы                                                            | 4         |
|                                                                       | Мемлекеттік басқарудың құқықтық аспектілері                                                              | 3         |
|                                                                       | Кәсіби коммуникация және жанжалдарды басқару                                                             | 3         |
|                                                                       | Таңдау бойынша курстар (Академияның элективті пәндер каталогы, серіктес жоғары оқу орындарының курстары) | 7         |
|                                                                       | Практика                                                                                                 | 4         |
|                                                                       |                                                                                                          | <b>21</b> |
|                                                                       | <i>МЭЗЖ</i>                                                                                              | 5         |
| 3                                                                     | Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау                                                                 | 3         |
|                                                                       | Мемлекеттік сектор экономикасы                                                                           | 3         |
|                                                                       | Аймақтың тұрақты дамуын басқару                                                                          | 4         |
|                                                                       | Мемлекеттік басқарудағы қаржылық менеджмент                                                              | 3         |
|                                                                       | Таңдау бойынша курстар (Академияның элективті пәндер каталогы, серіктес жоғары оқу орындарының курстары) | 7         |
|                                                                       |                                                                                                          | <b>20</b> |
|                                                                       | <i>Тағылымдама</i>                                                                                       | 4         |
|                                                                       | <i>МЭЗЖ</i>                                                                                              | 5         |
|                                                                       | Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны ресімдеу және қорғау)                                           | 12        |
| <b>Теориялық курс бойынша барлығы</b>                                 |                                                                                                          | <b>59</b> |
| <b>МЭЗЖ</b>                                                           |                                                                                                          | <b>19</b> |
| • МЭЗЖ, оның ішінде магистрлік жобаны орындау                         |                                                                                                          | 15        |
| • Тағылымдама                                                         |                                                                                                          | 4         |
| <b>Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны ресімдеу және қорғау)</b> |                                                                                                          | <b>12</b> |
| <b>Қосымша оқытудың барлығы</b>                                       |                                                                                                          | <b>31</b> |
| <b>МІНДЕТТІ ТҮРДЕ МЕНГЕРУГЕ АРНАЛҒАН КРЕДИТТЕРДІҢ ЖИЫНЫ</b>           |                                                                                                          | <b>90</b> |

**Пәндердің тізімі**

| Пәннің атауы                             | Пәннің дескрипторы                                                                                                                                                         | Пән бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер                                                                                            |
|------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Стратегиялық менеджмент және көшбасшылық | Пән стратегиялық менеджменттің тұжырымдамалық негіздерін, модельдері мен құралдарын және жылдам өзгермелі жағдайларда мемлекеттік басқару жүйесіндегі көшбасшылықтың рөлін | Пәнді меңгеру нәтижесінде тыңдаушы: мемлекеттің стратегиялық басымдықтары контекстінде мемлекеттік секторды дамытудың ұзақ мерзімді |

|                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                         |
|----------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                      | <p>зерделеуге; мемлекеттік аппараттың кәсібилігін арттыру және тұрақты мемлекеттік дамуды қамтамасыз ету үшін стратегиялық менеджмент пен көшбасшылықтың рөлін түсінуге; ұзақ мерзімді дамуға бағытталған стратегиялық басқару шешімдерін жан-жақты қарастыра және қабылдай білуге бағытталған.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                       | <p>тенденцияларын біледі; балама нұсқаларын талдайды және мемлекет пен қоғамды дамыту бойынша тиімді шешімдер таба алады; басқарушылық шешімдерді әзірлеу үшін кәсіби дағдыларды жүйелі түрде қолдана алады.</p>                                        |
| <p>Деректерді талдау негізінде шешім қабылдау</p>                    | <p>Пән зерттеулерді жобалау, деректерді жинау, статистикалық (сапалық және сандық) және интерпретациялық талдау тұжырымдамаларын зерттеуге бағытталған. Оның ішінде: chi-square, pearson correlation, one nonlinear regression, Kendall's Rank Correlation, Spearman Rho correlation.</p> <p>ҚР-да және шетелде шешім қабылдау тәртібіне шолу жасалады (шығын мен пайданы талдау - CBA (тиімділік көрсеткіштерінің шеңберін қоса алғанда), SWOT, Шешім ағашы, Ұтымды модель, DARE, OODA Loop, және Vroom-Yetton-Jago әлеуметтік мемлекетке арналған тиімді шешімдер).</p> | <p>Пәнді меңгеру нәтижесінде тыңдаушылар зерттеу мәселесін және гипотезасын тұжырымдауды; шешім қабылдау алгоритмінің дизайнын жасауды; деректерді талдауды, түсіндіру мен шешім қабылдауды үйренеді.</p>                                               |
| <p>Басқарушыларға арналған тілдік құзыреттер (мемлекеттік тілде)</p> | <p>Пән магистранттардың бойында ауызша пікір білдіру, нақты мысалдармен өз көзқарастарын дәлелдеу, қорытынды жасау, жазбаша аналитикалық-сараптамалық жазу және т.б. бойынша тілдік дағдыларды қалыптастырады. Сондай-ақ пәнді оқу барысында бейнематериалдарда, ақпараттық-аналитикалық, жария мазмұндағы баяндамалық материалдарда көтерілген негізгі мәселелерді/сұрақтарды анықтау, автордың және аудиторияның көзқарастарын талдау бойынша жазбаша, ауызша тілдік жұмыс жүргізіледі.</p>                                                                             | <p>Білім алушыларда келесідей тілдік дағдылар қалыптасады: ауызша, жазбаша сөйлеуді қолдану дағдылары; ресми іскерлік стиль нормалары; жоспар-құрылым арқылы көпшілік алдында сөйлеуге жазбаша дайындық; көпшілік алдында сөйлеу әдістерін меңгеру.</p> |
| <p>Әлеуметтік мемлекеттің қолданбалы экономикасы</p>                 | <p>Бұл пән мемлекеттік саясатпен байланысты неғұрлым тиімді шешімдер қабылдау мақсатымен мемлекеттік саясаттың нақты сценарийлеріне негізгі теориялық тәсілдер, эмпирикалық зерттеулер және эконометрика</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | <p>Пәнді меңгеру нәтижесінде тыңдаушы: Теориялық экономикалық және эконометрикалық құралдарды қолдануды үйренеді; тиісті статистикалық құралдарды қолдана отырып, деректерді</p>                                                                        |

|                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|----------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                              | негізінде жасалған тұжырымдарды қолдануды жақсы түсінуге арналған. Өртүрлі жағдайлық зерттеулерді, нақты деректерді және қолданылатын эмпирикалық зерттеулерді пайдалана отырып, тыңдаушылар нәтижелерді тексерілетін теориялармен салыстырады және тиісті қорытындылар жасайды.                                                                                               | қалай табуға және жинауға және гипотезаларды тексеруге болатындығын біледі; әртүрлі экономикалық көрсеткіштердің (мысалы, баға, өндіріс, өсім, жұмыспен қамту, инфляция және әл-ауқат) өзгеруін және экономикаға әсер етуін болжау үшін экономикалық модельдерді қалай қолдануға болатындығын біледі.                                 |
| Мемлекеттік басқарудың құқықтық аспектілері  | Пән Қазақстан мен басқа елдердің тәжірибесі негізінде мемлекеттік басқарудың құқықтық аспектілерін зерттеп білуге, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыруға; басқару қатынастарын құқықтық реттеу тетіктерін зерделеуге бағытталған.                                                                                                                | Пәнді меңгеру нәтижесінде тыңдаушылар мемлекеттік басқарудың құқықтық актілерін қызметшілердің құқықтық мәдениетін арттыру үшін пайдалана алады; құқықтық реттеу тетіктерін әзірлеуді үйренеді.                                                                                                                                       |
| Кәсіби коммуникация және жанжалдарды басқару | Пән негізгі субъектілер мен басқару объектілерінің көзқарастарын бизнес-қоғамдастықпен, азаматтық сектормен және халықпен үйлестіруді ескере отырып, өзара іс-қимыл модельдерін зерделеуге; ұйымның, мемлекеттің мақсаттарына қол жеткізу үшін жанжалдарды диагностикалау және жанжалдарды басқару стратегиясын әзірлеу бойынша тұрақты дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. | Тыңдаушылар ұйымның моделін және басқарудың негізгі субъектілерімен және объектілерімен тиімді өзара іс-қимыл жасаудың жеке моделін әзірлеуді үйренеді; жанжалдарды диагностикалауды, деструктивті жанжалдарды анықтауды, жанжалдарды шешудің пәрменді технологияларын қолдануды, жанжалдарды шешу стратегияларын әзірлеуді үйренеді. |
| Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау     | Пән мемлекеттік басқару саласындағы негізгі теориялық бағыттармен танысуға және талдауға бағытталған, бұл тыңдаушыларға мемлекеттік саясат пен саяси процестерді қалыптастыру және бағалау туралы түсініктерін жақсартуға мүмкіндік береді.                                                                                                                                    | Пәнді меңгеру нәтижесінде тыңдаушылар мемлекеттік саясатты талдауды, жекелеген салада, бағытта таңдалған мемлекеттік саясатты талдау және бағалау бойынша нақты жобамен жұмыс істеуді үйренеді.                                                                                                                                       |
| Мемлекеттік сектор экономикасы               | Пән нарықтық экономика субъектілерінің бірі ретінде мемлекеттің экономикалық мінез-құлқын талдауға арналған. Зерттеу нысандары мемлекет, салықтар, мемлекеттік шығындар, мемлекеттік кәсіпорындардың қаржысы болып табылады. Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру кезіндегі тиімділік пен әділеттіліктің қайшылығына ерекше назар аударылады.                   | Пәнді ойдағыдай меңгергеннен кейін тыңдаушылар нарықтың және мемлекеттің араласу аймақтарының нақты сәтсіздіктерін сәйкестендіру; мемлекеттің ауқымын және мемлекеттің экономикалық іс-әрекеттерінің қойылған міндеттердің сипатына сәйкестігін бағалау; салықтар мен қоғамдық шығындар бағдарламаларынан туындайтын                  |

|                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|---------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                             | Мұнда экономикаға мемлекеттік араласудың бағыттары мен нысандарын таңдау мәселелері, сондай-ақ ұлттық экономиканы дамытудағы мемлекеттік сектордың рөлі қарастырылатын болады.                                                                                                                                                                    | салдарларды талдау дағдыларына ие болады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| Аймақтың тұрақты дамуын басқару             | Пән тұрақты дамудың негізгі тұжырымдамалары мен модельдерін, «жасыл» экономиканы, өңірлердің тұрақты дамуын бағалау әдістерін зерделеуге, «жасыл» өсім, креативті экономика және тұрақты даму факторлары мен көздерін талдау негізінде өңірлердің тұрақты даму және ұзақ мерзімді перспективаларын анықтау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. | Пәнді меңгеру нәтижесінде тыңдаушылар тұрақты даму тұрғысынан өңірдің негізгі экономикалық субъектілерінің мінез-құлқы мен өзара іс-қимылын талдауды және модельдеуді үйренеді, факторларды анықтауды және индикаторларды таңдауды, сондай-ақ өңірлерді дамытудың тиімділігі мен тұрақтылығын бағалауды біледі, «жасыл» экономикалық өсімді және өңірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің мемлекеттік саясатының стратегиялық басымдықтары мен бағыттарын айқындай және негіздей алады. |
| Мемлекеттік басқарудағы қаржылық менеджмент | Пән мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор кәсіпорындарының қаржылық нәтижелерін, оның ішінде бюджет қаражаты мен инвестицияларды пайдалану тиімділігін бағалауды, мемлекеттік активтердің өтімділігін, іскерлік белсенділік пен қаржылық тұрақтылықты талдауды, қаржылық тәуекелдерді бағалауды қамтиды.                              | Тыңдаушы:<br>- мемлекеттік бюджет пен инвестициялардың тиімділігін бағалау дағдыларын;<br>- мемлекеттік субъектілердің тиімділігі мен қаржылық тұрақтылығын бағалау бойынша аналитикалық дағдыларды;<br>- қаржылық тәуекелдерді бағалау және басқару дағдыларын меңгереді.                                                                                                                                                                                                                 |